

**Железинка аудандық мәслихатының 2012 жылғы 13 сәуірдегі N 25-5/3 "**

**Железинка ауданында азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 2012 жылғы 22 маусымдағы N 35-5/5 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 13 шілдеде N 12-6-149 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2013 жылғы 05 ақпандағы N 84-5/11 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 05.02.2013 N 84-5/11 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабы 1 тармағы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатусышылары мен мүгедектеріне және соларға теңістірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11 бабы 2 тармағы 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі N 394 қаулысымен бекітілген "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, Железинка аудандық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Е Д І :**

1. Железинка аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 13 сәуірдегі N 25-5/3 " Железинка ауданында азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 12-6-143 тіркелген, 2012 жылғы 12 мамырдағы ауданның "Родные просторы" газетінің N 19, 2012 жылғы 12 мамырдағы ауданның "Туған өлке" газетінің N 19 жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбында "санаттарына" деген сөзден кейін "2012 жылға" деген сөз және  
ц и ф р л а р м е н толықтырылсын;

1-тармақ келесі мазмұндағы 25), 26) тармақшаларымен толықтырылсын:  
"25) ағымдағы жылы жоғары медициналық оқу мекемелерін бітірген  
м а м а н д а р ;

26) аудан әкімі мен жоғары оқу орнымен білім беру қызметтерін көрсетуге

және төлемге үш жақты шарт жасасқан Қазақстан Республикасының жоғары медициналық оқу мекемелерінің студенттері.";

3-тармақ келесі мазмұндағы 11), 12) тармақшалармен толықтырылсын:

"11) 1-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін бір жолғы әлеуметтік көмек 67000 (алпыс жеті мың) теңге көлемінде;

12) 1-тармақтың 25) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін жайластыруға бір мамандарға бір жолғы әлеуметтік көмек 400000 (төрт жүз мың) теңге көлемінде салық төлеушінің тіркеу нөмірі, "Казпошта" акционерлік қоғамының пошта бөлімшесіндегі не екінші деңгейдегі банктердегі жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өтініш негізінде, "Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесімен берілген жолдама, азаматтарды тіркеу кітабы, әлеуметтік жеке коды, еңбек шарты, білім туралы дипломының көшірмелері негізінде ұсынылады.";

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Кірісін есептемегенде әр айлық көмегі:

1) 1-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде дәрі алу үшін материалдық көмек;

2) 1-тармақтың 26) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін медициналық жоғары оқу орнында оқығаны үшін ай сайынғы салық төлеушінің тіркеу нөмірі, "Казпошта" акционерлік қоғамының пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі ашық банкінің жеке есеп шотының нөмірі, СТН, көрсетілген өтініш, жеке бас куәлігінің, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмелерінің, аудан әкімімен жоғары оқу орнымен білім беру қызметтерін көрсету және төлемге үш жақты шарт жасасқан негізінде ұсынылады."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік экономикалық даму және бюджеттік тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Железинка аудандық мәслихатының  
сессиясының төрағасы* *Т. Сагандыков*

*Железинка аудандық  
мәслихатының хатшысы* *В. Крутиков*